

АРНАЙЫ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУДАҒЫ ТҮЗЕТЕ-ДАМУ ЖҰМЫСЫНЫҢ РӨЛІ

Мерешова Айзада Бисембайқызы

aizada4241@mail.ru

7M01101 – Педагогика және психология білім бағдарламасының II курс магистранты Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы

Қазіргі білім беру жүйесінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу маңызды бағыттардың бірі. Арнайы мектептерде білім алатын оқушылардың психофизиологиялық ерекшеліктері - олардың танымдық процестерінің дамуына тікелей әсер етеді. Сондықтан мұндай білім алушылармен жүргізілетін түзете-дамыту жұмыстары олардың танымдық қабілеттерін жетілдірудің негізгі құралы болып табылады.

Қазақстан Республикасының Заңының 1-баптың 50-3 тармағында ерекше білім беруді қажет ететін тұлғалар үшін «Психологиялық-педагогикалық қолдап отыру – білім беру

ұйымдарында іске асырылатын, процесінде ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) ойдағыдай оқыту және дамыту үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалатын жүйелі- ұйымдастырылған қызмет» [1] - деп көрсетіледі.

Бұл тұрғыдағы, танымдық қабілеттер деп – бұл тұлғаның қоршаған ортаны қабылдау, өңдеу және түсіну үдерістерін жүзеге асыратын психикалық функциялар жүйесі. Танымдық қабілеттерге зейін, ес, ойлау, қабылдау, қиял сияқты психикалық процестер жатады. Бұл қабілеттердің жеткіліксіз дамуы оқушының оқу материалын меңгеруіне, қоршаған ортаны тануына және әлеуметтік бейімделуіне кері әсер етеді. Осыған байланысты арнайы мектеп жағдайында түзете-дамыту жұмыстарының рөлін ғылыми тұрғыда негіздеу өзекті мәселе болып табылады.

Психология ғылымында бұл ұғым Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, Ж. Пиаже, С.Л. Рубенштейн, Т.А. Власова және т.б. еңбектерінде кеңінен қарастырылған. Соның ішінде, Л.С. Выготскийдің мәдени-тарихи теориясына сәйкес, баланың танымдық дамуы әлеуметтік орта мен оқыту процесі арқылы жүзеге асады. Ол «жақын даму аймағы» ұғымын енгізіп, баланың әлеуетті мүмкіндіктерін дамытуда ересектердің жетекшілік рөлін атап өтті. Ал, Ж. Пиаже когнитивтік даму кезеңдерін анықтай отырып, баланың ойлау қабілеті белгілі бір сатылар арқылы қалыптасатынын дәлелдеді.

Арнайы мектеп оқушыларының танымдық процестері қалыпты дамыған балалармен салыстырғанда баяу және ерекшеліктерімен сипатталады. Сондықтан олардың танымдық қабілеттерін дамыту арнайы ұйымдастырылған түзете-дамыту жұмыстарын қажет етеді.

Олай болса, түзете-дамыту жұмысы дегеніміз – бұл ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың психикалық дамуындағы ауытқуларды түзетуге және олардың танымдық, тұлғалық, әлеуметтік қабілеттерін дамытуға бағытталған педагогикалық-психологиялық ықпал ету жүйесі.

В.В. Сериков, А.В. Петровский және И.С. Якиманскаяның зерттеулерінде балалардың түзете-дамыту жұмыстарын іске асыратын тұлғаға бағытталған тәсілдерді көрсетеді. Аталған ғалымдардың бірі А.В. Петровскийдің пайымдауынша, тұлғаның дамуы тұлғааралық қатынастар жүйесінде жүзеге асырылып, субъект және субъектілік өзара әрекеттесу негізінде түзету мен дамыту

жұмыстарын ұйымдастыру өзектілігін көрсетеді [2].

Сонымен қатар, көптеген ғалымдар балалардың түзете-дамыту жұмысындағы жүйелі және кешендер тәсілдерге көп назар аударады. Түзете-дамыту жұмыстарын педагогикалық әсер етудің өзара байланысты мақсаттары, міндеттері, әдістері, формалары мен құралдарын қамтитын біртұтас жүйе ретінде қарастыруды көздейтін жүйелі тәсіл болып есептеледі.

Бұған дәлел, зерттеуші-ғалым Б.Ф. Ломов жасаған жүйелік тәсіл тұрғысынан тұлғаның психикалық дамуы көптеген факторлардың, соның ішінде биологиялық, психологиялық және әлеуметтік факторлардың бір-бірімен әрекеттесуімен көрініс табатынын айтады. Соған орай, балалардың түзете-дамыту жұмыстары жан-жақты болуы және баладағы дамуының барлық аспектілерін ескеруі қажет екендігі қарастырылады [3].

Балалардағы түзете-дамыту жұмысының теориялық негіздемесінде С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев, Д.Б. Элькониннің сіңірген еңбектері зор. Олар түзете- дамыту жұмыстарына белсенді тәсілдерді қарастырады. Белсенді тәсіл аясында психикалық даму қоршаған шындықты өзгертуге бағытталған субъектінің белсенді қызметінің нәтижесі ретінде сипаттайды. А.Н. Леонтьев бұл тәсілді адамдардың қоршаған ортада өзара әрекеттесуінің негізгі формасы ретінде анықтайды. Сондағы психикалық процестер қалыптастып, дамиды [4] - деп тұжырым береді. Ғалымның бұл тұжырымын талдай отыра, балалардағы түзету мен дамыту жұмыстары бұзылған психикалық функциялардың қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз ететін арнайы таңдалған іс-шаралар жүйесінде ұйымдастырылуы қажеттігін көрсетеді.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдауларда түзете-дамыту жұмыстары әртүрлі теориялық тәсілдерге негізделген күрделі және көп қырлы үдеріс. Мәдени-тарихи, белсенділік, жүйелілік, кешенді және тұлғаға бағытталған тәсілдер бір-біріне қарсы болмайды,

бірақ заманауи түзете-дамыту практикасының әдіснамалық негізін жетілдіре отырып, бірін- бірі толықтырады.

Жоғарыдағы қарастырылған тәсілдердің негізгі ережелері – бұл балалардың жеке басының дамуына, олардың жеке мүмкіндіктерін ескерулерге және оқу-тәрбие үдерісіне белсенді қатысуға жағдайлар жасайды. Арнайы мамандардың пәнаралық өзара іс-әрекетіне және балалардың отбасымен бірлестігіне ерекше мән беруге ықпал етеді.

Арнайы педагогика жүйесіндегі түзете-дамыту жұмысы әртүрлі бұзылулары бар балалардың психикалық, жеке және әлеуметтік дамуын оңтайландыруға бағытталған кешенді қызмет ретінде қарастырылады, яғни теория мен практика жүзінде жетілдіреді.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс контекстінде белсенділік тәсілі – баланың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқуға, ойынға, коммуникативті және пәндік- практикалық әрекеттерге белсенді қосуды қамтитын жүйе болып табылады. Белсенділік қағидаттарына негізделген түзету сабақтары мотивацияны арттыруға, еркіндікті жетілдіруге және оқуға деген ынтаны арттыруға септігін тигізеді.

Түзете-жұмыстың негізгі мақсаттары:

- танымдық процестерді дамыту (зейін, ес, ойлау);
- сөйлеу тілін жетілдіру;
- оқу әрекетін қалыптастыру;
- әлеуметтік бейімделуді қамтамасыз ету.

Түзете-дамыту жұмыстары кешенді түрде жүзеге асырылады және оған мұғалімдер, психологтар, логопедтер қатысады. Бұл жұмыстардың тиімділігі олардың жүйелілігі мен мақсаттылығына байланысты.

Ендеше, арнайы мектеп жағдайында түзете-дамыту жұмыстары оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуда шешуші рөл атқарады.

Біріншіден, зейінді дамытуға бағытталған жаттығулар оқушылардың оқу материалын қабылдауын жеңілдетеді. Мысалы, зейінді шоғырландыруға арналған ойындар мен тапсырмалар баланың назарын тұрақтандыруға көмектеседі.

Екіншіден, есте сақтау қабілетін дамыту үшін арнайы әдістер қолданылады: қайталау, ассоциация құру, көрнекіліктерді пайдалану. Бұл тәсілдер оқушылардың ақпаратты ұзақ уақыт есте сақтауына ықпал етеді.

Үшіншіден, ойлау қабілетін дамытуда логикалық тапсырмалар, салыстыру, талдау, жинақтау жаттығулары маңызды рөл атқарады. Мұндай тапсырмалар оқушылардың себеп-салдарлық байланыстарды түсінуіне мүмкіндік береді.

Төртіншіден, қабылдау және қиял процестерін дамыту үшін көрнекі құралдар, суреттер, мультимедиялық ресурстар қолданылады. Бұл оқушылардың әлемді дұрыс қабылдауына және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Түзете-дамыту жұмыстарында әртүрлі әдістер мен технологияларды да қолдануымызға болады. Олар:

- ойын технологиялары;
- арт-терапия элементтері;
- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;
- жеке және топтық жұмыс формалары.

Ойын технологиялары ерекше балалардың қызығушылығын арттырып, оқу процесін жеңіл әрі тиімді етеді. Ал арт-терапия әдістері (сурет салу, музыка, шығармашылық әрекет) эмоционалдық жағдайды тұрақтандыруға көмектеседі. Ақпараттық технологияларды қолдану (интерактивті тапсырмалар, арнайы бағдарламалар) оқушылардың танымдық белсенділігін арттырады. Сонымен қатар жеке жұмыс оқушының ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді. Қазақстандық тәжірибеде арнайы мектептер мен инклюзивті сыныптар даралау және жүйелілік қағидаттарын белсенді қолданады. Білім беру бағдарламалары баланың өзекті және жақын даму деңгейін ескере отырып бейімделеді, бұзылған функцияларды түзету және сақталған қабілеттерді дамыту жөніндегі іс-шараларды қамтиды [41]. Бұл тәсіл психологиялық-педагогикалық диагностиканы, түзету жұмысын және баланы кешенді сүйемелдеуді қамтамасыз ете отырып, білім алушының даму динамикасын бағалауды біріктіруге мүмкіндік беретіндігін сипаттайды.

Қорытындылай келе, арнайы мектеп оқушыларының танымдық қабілеттерін дамытуда түзете-дамыту жұмыстарының маңызы зор. Бұл жұмыстар оқушылардың психикалық процестерін жетілдіруге, оқу материалын меңгеруіне және әлеуметтік ортаға бейімделуіне мүмкіндік береді.

Түзете-дамыту жұмыстарының тиімділігі оларды ғылыми негізде ұйымдастыруға, заманауи әдістер мен технологияларды қолдануға байланысты. Болашақта бұл бағыттағы зерттеулерді тереңдету ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың сапалы білім алуына жағдай жасайды.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2100000056> (Қаралған күн: 04.03.2025ж.)
2. Петровский А.В. Психология личности. – Москва: Педагогика, 2009. – С. 77–95.
3. Ломов Б.Ф. Системный подход в психологии. – Москва: Наука, 1996. – С. 42–60.
4. Леонтьев А.Н. Психология развития. – Москва: Просвещение, 2005. – С. 112–135.

5. Назарова Г.П. Психолого-педагогические аспекты инклюзивного обучения / Алматы: КазГПУ. - 2010. - 112-118 бб.